

№ 1-2026 хаттама

**Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы
Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің отырысы
(бұдан әрі – Салалық кеңес)**

Астана қ.

15.04.2026 ж. Сағ 11:00 ZOOM

Төрағалық еткен: Салалық кеңестің төрағасы
Курбаналиев А.А.

Қатысқандар: Салалық кеңес мүшелері, жұмыс тобының мүшелері, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілдері, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік бірлестіктері мен жоғары оқу орындарының өкілдері, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ өкілдері (55 адам).

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, баяндамашыларды тыңдай отырып, Салалық кеңес мүшелері бірауыздан **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы энергетика Министрлігіне, Салалық кеңес пен жұмыс тобының мүшелеріне:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары Абулкалыков М.Ж.-ның 2026 жылға арналған Салалық кеңес құрамын өзектендіру туралы ақпаратын назарға алу.
2. Салалық кеңестің төрағасы Курбаналиев А.А.-ның Салалық кеңестің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы ақпаратын назарға алу.
3. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ салалық біліктілік жүйелерін үйлестіру басқармасының басшысы Айбульдинова А.И.-ның Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның қызметі туралы ақпаратын назарға алу.
4. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ кәсіби біліктіліктерді тану басқармасының басшысы Жумабеков А.У.-ның Қазақстанда кәсіби біліктіліктерді тану тетігін дамыту туралы ақпаратын назарға алу.
5. Салалық кеңес мүшесі, ҚР ЭМ Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары Абулкалыков М.Ж.-ның электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы Салалық біліктілік шеңберін жаңарту, саланы талдау және дамыту перспективалары жөніндегі, сондай-ақ оқу-әдістемелік бірлестіктер өкілдері Белекбаева Л.К. мен Муравьева С.А.-ның электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласында кадрлар даярлау сапасын арттыру мәселелері бойынша ақпараттарын назарға алу.

6. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ «Жылу энергетикасы және физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Коробков М.С.-ның энергетика саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін стейкхолдерлермен өзара іс-қимылды өзектендіру мәселелері бойынша ақпаратын назарға алу.

7. «ОАЭК» АҚ адам ресурстары жөніндегі басқарушы директоры Константинова Н.В.-ның «Энергетикадағы цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану» кәсіби стандарты жобасы бойынша «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының жұмысы туралы ақпаратын назарға алу.

8. Салалық кеңес төрағасының күн тәртібінің 8-тармағы бойынша ақпаратын назарға алып, ағымдағы жылдың 01 мамырына дейін электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы кәсіптер тізілімін Салалық кеңестің хатшысы Бегалы Е.-ге жолдау.

- ҚР ЭМ Электр энергетикасын дамыту департаменті ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, өзектендіру және жүргізу қағидаларына сәйкес электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы кәсіптер тізілімін қалыптастыру және өзектендіру бойынша ұсыныстарды еңбек жөніндегі уәкілетті органға жолдасын.

10. Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бекітілсін (дауыс беру нәтижесі: «Қолдады» – 39, «Қалыс қалды» – 2).

11. «Энергетикадағы цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану» кәсіби стандартының 3 кәсіп карточкасы бар жобасы Салалық кеңеспен келісілсін (дауыс беру нәтижесі: «Қолдады» – 39, «Қалыс қалды» – 2).

Жұмыс тобы СБШ-ны мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ кәсіби стандарт жобасын «Career Enbek» цифрлық платформасына енгізіп, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ға жолдасын.

Қосымша мәселелер:

1. «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ «Жылу энергетикасы және физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Коробков М.С.-ның атом электр станцияларының негізгі және қосалқы жабдықтарын пайдалану, жөндеу және баптаумен тікелей байланысты кәсіби стандарттардың болмауы мәселесі бойынша ақпаратын назарға алу (атом энергетикасы үшін кәсіби стандарттарды атом өнеркәсібінен бөлек әзірлеу қажет).

- мәселе осы Салалық кеңестің құзыретіне жатпайтынын ескере отырып, Коробков М.С.-ға консультациялық қолдау көрсету және олардың

Атом энергетикасы жөніндегі салалық кеңеспен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

2. «Электротехника және энергетика» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшесі, «Торайғыров университеті» КеАҚ өкілі Карманов А.Е.-нің мегаполистерге түлектердің кетуіне байланысты өңірлер мен ауылдық жерлерде кадр тапшылығының туындауына орай өңірлер бөлінісінде нысаналы гранттар бөлу туралы ұсыныстары назарға алынсын және ескерілсін.

- ҚР ЭМ Электр энергетикасын дамыту департаменті өз құзыреті шеңберінде өңірлер бөлінісінде нысаналы гранттар бөлу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне хат жолдасын (Бегалы Е. – хатты қалыптастыру кезінде Салалық кеңес төрағасымен келіссін).

3. «Электр энергетикасы» кафедрасының профессоры, кафедра меңгерушісі Умбеткулов Е.К.-нің ЭҚЖЖ-дан «электр энергиясын сату» қызмет түрін (35.14.0. Электр энергиясын сату) алып тастау мәселесі бойынша ұсыныстары назарға алынсын.

- мәселе осы Салалық кеңестің құзыретіне жатпайды, алайда кеңес өкілеттігі шеңберінде оны шешуге жәрдемдесу мүмкіндігі қарастырылсын.

Салалық кеңестің төрағасы

А. Курбаналиев

Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары

М. Абулқалыков

Салалық кеңестің хатшысы

Е. Бегалы